# 3 бөлім. Файлдық қабықша

## Курс тақырыбы:

**№ 3.1 Жалпы сипатталуы мен белгіленуі**

## Сабақтың тақырыбы:

**№14 Файлдық қабықшалардың жалпы сипатталуы мен белгіленуі (Norton Commander, Far-менеджер, Total Commander, Windows Commander).**

# Жоспар
:

1. ***Norton Commander*** бағдарламасының сипатталуы мен белгіленуі
2. ***Windows Commander*** бағдарламасының сипатталуы мен белгіленуі
3. ***Total Commander*** бағдарламасының сипатталуы мен белгіленуі

Операциялық жүйе қабықшалары – пайдаланушы мен командалық операциялық жүйелер арасындағы байланысты оңайлату үшін пайдаланылатын арнайы бағдарламалар.

## Операциялық жүйе қабықшаларының кең тараған түрлері

- Norton Commander
- Far-менеджер
- Windows Commander
- Total Commander

- Файлдық менеджер жүйесінде жасалатын әрекеттер:
  - бумалар мен файлдарды өшіру
  - бумалар мен файлдардың орнын ауыстыру
  - бумалар мен файлдардың атын өзгерту
  - файлдық жүйе бойынша іздеу
  - қосымшаларды іске қосу және құжаттарды ашу
  - бумалар мен файлдарды құру, көшіру

# Norton Commander



Питер Нортон

**Norton Commander** (NC) —MS DOS үшін арналған таңымал файлдық менеджер, оны алғаш 1984 жылы американдық программист Джон Соча өндеген. Norton Commander бағдарламасы Peter Norton Computing фирмасы (басшысы- Питер Нортон ) дайындаған.



# Norton Commander бірнеше функцияларды атқарады:

- Толығымен дискідегі каталогтарды көрсетеді
- Файлдарды көшіруге, атын ауыстыруға жоюға және орнын ауыстыруға мүмкіндік береді
- Дискідегі каталогтар бұтағын көрсету
- Мәтіндік, графиктік, архивтік, деректер базасымен, кесте, кестелік процессорлар файлдарды қарау
- Мәтіндік файлдарды редактерлеу
- DOS программасының кез келген командасын орындау
- Архивтік файлдармен жұмысты, каталогтарды басқару
- Бір пернені басу арқылы стандарт амалдар орындалу

# *Far-менеджер*

**FAR Manager** — Microsoft Windows ОЖ үшін жасалған файлдық менеджер. Бағдарлама автор — Евгений Рошал (Ресей программисі)



# Windows Commander

Windows Commander – бұл файлдық менеджер, яғни программа Windows ортасында файл мен жұмыс жасау үшін арналған. Өз мүмкіншілігіне қарай ол Сілтеуіш программасындағы файлдық менеджерден жақсырақ тұрғызылған және оның сыртқы көрінісі мен интерфейсі Norton Commander-дағы MS-DOS программасына ұқсас, осы программаның ең жақсыларын қосып атқарады.



**Total Commander** —Microsoft Windows негізінде жұмыс істейтін файлдық менеджер. Ол бұрын **Windows Commander** атымен аталған. 2002 жылы 29 қазаннан бастап **Windows** корпорациясының басшылығымен өзгертілді.



# TOTAL COMMANDER

***Total Commander*** - дисктермен, файлдармен және папкалармен жұмыс істейтін сервистік бағдарлама




Total Commander құрастырушы

Кристиан Гислер

# *Total Commander сервистік қаптама бағдарламасының негізгі функциялары*



# TOTAL COMMANDER НЕГІЗГІ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ПЕРНЕЛЕРІ:




*F1* – *көмекші шақыру (анықтама)*
*F2* – *каталогты жаңарту*
*F3* – *файлдың құрамын көру*
*F4* – *файлды редактірлеу*
*F5* – *файлдың көшірмесен алу*
*F6* – *файлдың орнын ауыстыру*
*F7* – *каталог құру*
*F8* – *файлдармен каталогтарды жою*
*Alt+F4* – *Total Commander–ден шығу.*